

Қазақстан Республикасы аумақтық әділет органдары мемлекеттік қызметшілерін аттестациялаудан өткізудің тәртібі туралы Ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 263 бұйрығы. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 251 бұйрығымен.

----- *Бұйрықтан үзінді*-----

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 қаулысымен бекітілген Әділет министрлігі туралы ережесінің 19-тармағын басшылыққа ала отырып, бұйырамын:

1. "Қазақстан Республикасы аумақтық әділет органдарының мемлекеттік қызметшілерін аттестациядан өткізу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 263 бұйрығының күші жойылсын....

М и н и с т р

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 26.12.95 ж. N 2730 Жарлығының 19-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің 20.08.96 ж. N 3088 Жарлығымен бекітілген" Мемлекеттік қызметшілерді аттестациялауды өткізудің тәртібі мен шарттары туралы" Ережеге сәйкес Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумақтық әділет органдары мемлекеттік қызметшілерін аттестациялаудан өткізудің тәртібі туралы Е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

2. ҚР Әділет министрлігінің Кадр жұмысы басқармасы осы Ережені мемлекеттік қызметшілерді аттестациялаудан өткізу кезінде басшылыққа алу үшін облыстық әділет басқармаларының бастықтарына жіберсін.

Министр

Қазақстан Республикасы
Әділет Министрінің
13 мамыр 1999 ж. N 263
Б ұ й р ы ғы м е н

Бекітілді

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
орталық аппаратының мемлекеттік қызметшілерін
аттестациялаудан өткізудің тәртібі туралы
Ережелер
Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі орталық аппаратының мемлекеттік қызметшілерін аттестациялаудан өткізу "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 26.12.95 ж. N 2730 Жарлығының 19-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 3088 Жарлығымен бекітілген "Мемлекеттік қызметшілерді аттестациялаудан өткізудің тәртібі туралы" Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметшілерді аттестациялау олардың атқаратын лауазымдарына сәйкес келетінін және қызметтік болашағын анықтау, олардың кәсіптік даярлық, құқықтық мәдениет, азаматтармен жұмыс істей білу қабілеті деңгейін бағалау мақсаттарында өткізіледі.

3. Мемлекеттік қызметшілер үш жылда кемінде бір мәрте аттестациялаудан өтеді. Жүкті әйелдер, жас мамандар, атқаратын лауазымында бір жылдан кем жұмыс істеген адамдар кезекті аттестациялаудан босатылады. Баланы бағып күту жөніндегі демалыста жүрген әйелдер, сондай-ақ дәлелді себептер бойынша жоқ болған адамдар жұмысқа шыққаннан кейін аттестациялаудан өтеді.

4. Аттестациялау мемлекеттік қызметшінің бастамашылығы бойынша оған аттестациялау нәтижелері бойынша басқа лауазымға ауыстырмастан кезекті біліктілік сыныбын беру үшін өткізіле алады.

Аттестациялауды даярлау және өткізу тәртібі

5. Аттестациялауды өткізу үшін Әділет министрлігінің бұйрығымен Орталық және аумақтық аттестациялау комиссиялары құрылады.

6. Орталық аттестациялау комиссиясы "Мемлекеттік қызметшілерді аттестациялаудан өткізудің тәртібі мен шарттары туралы" Ереженің негізінде әрекет жасайды және аумақтық әділет органдарының мемлекеттік қызметшілерін аттестациялаудан өткізеді және аумақтық аттестациялық комиссияларға шағымдарды қарайды.

7. Аттестациялауды өткізуді дайындауды аумақтық әділет органының басшылығы ұйымдастырады және бұл аттестацияланатындарға қажетті құжаттарды, аттестациялауды өткізу кестелерін дайындауды, аттестациялық комиссия құрамын анықтауды және аттестациялауды өткізудің мақсаттары мен тәртібі туралы түсінік жұмысын жүргізуді қамтиды.

8. Аттестациялауға жататын әрбір қызметкерге оны өткізудің басталуына дейін екі аптадан кешіктірмей оның тікелей бастығы қызметкердің лауазымы

бойынша кәсіптік даярлығының біліктілік талаптарына сай келетінін, оның кәсіптік біліктілігін, жұмысқа және лауазымдық міндеттерін орындауға көзқарасын, өткен кезеңдегі жұмыс көрсеткіштерін жан-жақты бағалайтын ұсыныс дайындайды.

9. Аттестацияланатын қызметкер аттестациялауға дейін кемінде екі апта бұрын бұл ұсыныспен танысуға тиіс.

10. Аттестациялық комиссия ұсынысты қарайды, қажет болған кезде аттестацияланатын адамды және ол жұмыс істейтін бөлімшенің басшысын тыңдайды. Аттестацияланушының жұмысын талқылау субъективизм көріністеріне жол берілмейтіндей талапкершілдік, шынайылық пен ізгіниеттілік жағдайында өтуге тиіс.

11. Аттестациялауды өткізудің нақты мерзімдері, сондай-ақ кестесі мен аттестациялық комиссияның құрамы тиісті мемлекеттік органның басшысымен бекітіледі және аттестациялау басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын аттестацияланушы қызметкерлердің назарына жеткізіледі. Аттестациялауды өткізу кестесінде аттестацияланушы жұмыс істейтін бөлімшенің атауы, оның тегі, лауазымы, аттестациялауды өткізудің күні және аттестациялық комиссияға қажетті құжаттардың ұсынылуы, сондай-ақ оларды дайындау үшін жауапты қызметкерлердің лауазымдары мен тектері көрсетіледі.

Аттестациялық комиссиялардың құрамы және оның жұмыс регламенті

12. Әділет вице-Министрінің төрағалық етуімен Орталық аттестациялық комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің басшылары кіреді.

13. Аумақтық аттестациялық комиссия мына құрамдағы бес адамнан құрылады:

* Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілінен (комиссия төрағасынан) келісуі бойынша;

* облыстық әділет басқармасының бастығынан, не оны алмастыратын адамнан (комиссия хатшысынан).

Комиссия мүшелерінен:

* облыстық соттың төрағасынан (келісуі бойынша);

* облыстық әділет басқармасы бөлімшесінің бастығынан;

* облыстық әділет басқармасының кадр қызметінің маманынан, не оны алмастыратын адамнан.

14. Орталық аттестациялық комиссияның қызметін ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз ету - Әділет министрлігіне, аумақтық аттестациялық комиссияларды ұйымдастыру - техникалық қамтамасыз ету аумақтық әділет басқармаларына жүктеледі.

15. Аумақтық комиссияның отырысы оның мүшелері құрамының үштен бірі болған жағдайда өкілетті. Комиссияның отырысында Хаттама жүргізіледі, онда аттестацияланушының өмірбаяндық деректері, қызметі оң жауаптарының мөлшері мен комиссиясының шешімі көрсетіледі.

16. Қызметшінің қызметін бағалау және комиссияның кепілдемелері аттестацияланушы жоқ болған кезде ашық дауыспен қабылданады. Аттестациялау және дауыс беру аттестациялық комиссия құрамының кемінде үштен екісі мәжіліске қатысқан кезде өткізіледі. Дауыс берудің нәтижелері дауыстардың көпшілігімен анықталады.

17. Аттестациялық комиссия:

* мемлекеттік қызметшінің атқаратын лауазымына сәйкес келетіндігі туралы;

* мемлекеттік қызметшінің комиссия белгілеген мерзімнен кейін қайта аттестациялануымен комиссия кепілдемелерін міндетті түрде орындаған жағдайда сәйкес келетіндігі туралы;

* атқаратын қызметіне сәйкес келмейтіндігі туралы шешімдер қабылдайды.

18. Аттестациялық комиссия мемлекеттік қызметшіні атқаратын мемлекеттік лауазымына сәйкес келмейді деп таныған жағдайда оның кәсіптік қайта даярлауға жіберілуі; лауазымының немесе біліктілік сыныбының төмендетілуі мүмкін. Аттестациялық комиссияның қорытындысын есепке ала отырып тиісті мемлекеттік органның басшысы бір айлық мерзімнен кешіктірмей түпкілікті ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

19. Аумақтық аттестациялық комиссияның шешіміне аттестацияланушы аттестациялық парақтың көшірмесін алған күннен бастап 10 күннің ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Орталық аттестациялық комиссиясына немесе сотқа шағымдана алады.

20. Аттестациялау аттестацияланушының қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жүргізіледі.

21. Аттестациялаудың нәтижелері аттестациялық параққа енгізіледі, ол бір данада дайындалады және оған дауыс беруге қатысқан аттестациялық комиссияның төрағасы, хатшысы мен мүшелері қол қояды.